

Жаратушы жаратқан әрбір жанды - жансыз нәрсенің өзіндік орны мен қызметі бар. Алланың қалауынсыз еш нәрсе болған жоқ, болмақ та емес. Жалған дүниедегі әр жаратығылыс тек Алланың шеберлігі мен шексіздігін, күдіреттілігін еске салушы. Жер бетінің халифасы болу нығметі нәсіп етілген Адам баласынан басқа жаратылыстардың әрқайсысы да ғажайып бір сырға ие. Фәни дүние - пендеге Алланың күдіретін, жаратылыстың сырын тану үшін берілген тамаша мүмкіндік қана емес, халифалыққа лайық қызмет етуге арналған сынақ өмір. Себебі, адам баласы жер бетіндегі өзінің осы ұлы миссиясын жете түсінбейінше, жан азығынан гөрі тән азығына сұраныс көбірек болады. Жан азығы - Жаратушы Иенің үлкен махаббатпен жаратқан жаратылыстарының сырынан алатын рухани нәр.

Он сегіз мың ғаламның жаратылуы туралы пайымдаулары сөз асылын саралаған ақын-жыраулардың Құран аяттарын терең түсініп тәпсірлегенін көрсетеді. Діни тақырыптағы өлең - толғауларында олар өз тыңдаушысын алдымен «бізді кім жаратты?», «не үшін жаратты?», «жаратылысымыздың мақсаты неде?» деген сауалдарға жауап іздеуге шақырады. Мысалы, зар заманның зарын жырға қосқан XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Шортанбай Қанайұлы:

*Алақандай ай мен күн -
Ғаламның орта жарығы,
Жаббардың екі болмайды,
Әмір қылған жарлығы,-*

деп Алла әмірімен болған істің мінсіздігін мойындай отырып мақұлдата, тыңдата отырып таңырқата түседі. Жаратушының жер бетіндегі тіршілікті мән - мағынасыз емес, пенделерінің игілікті ісі үшін тарту еткенін ақын осы шумақпен-ақ саралап салмақтайды.

Алла Тағала алдымен барлық тіршіліктің бастауы болған нұрды жаратты. Ғалам Иесі өз пенделеріне «Нұр» сүресін де түсірген. Әрине, Нұр сипатын пенделік санамен сипаттау мүмкін емес. Оның барлық қасиеті Жаратушы игілігінде. Дегенмен, осы орайда ғылымның барлық жетістіктерін ғалам жаратылысымен байланыстыра зерттеген белгілі ғалым Серікбол Қондыбайұлының «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегіндегі: «Алла Тағала мен Нұр, құрани кәрімдік «Алла бірегей, алла мәңгі, өзі тумаған және өзі тудырмайтын, оған ұқсас ешкім жоқ» деген формулаға сай түсіндірер болсақ, бір-біріне сәйкес келмейді; Нұр - Алла Тағаланың жасампаздық қарекеті мен сол жасампаздық қарекетіне пайдаланатын

ілкі материал ғана. Басқаша айтқанда, Нұр (Ақ немесе Хақ Дидары) дегеніміз – Алла Тағаланың өзі емес, оның бұйрығының немесе әмірінің келбеті... Біз абсолютті, нұрды, құдіретті, Ақ Дидарды көзбен көре, құлақпен ести, қолмен ұстай аламыз ба? Әрине, жоқ. Ол түгілі, біз оның жаратылысы, сипаты, табиғаты туралы ешқашан біле алмаймыз, өйткені ешбір тірі пенденің ақыл ойы мен қабілеті оған жетпейді. Қарапайым тілде «жарық, жарық жылуы» мағынасында түсінілетін Нұр (абсолют, құдірет) – іс жүзінде көзге көрінбейтін, яғни пенде көре алмас, жария болмаған, «жасырынып жатқан» шындық» [1, 37 б.] деп сабақтаған пікірін ескергенді де жөн көрдік.

Ғалам жаратылысына негіз болған нұр сипаты ақын-жыраулардың терме-толғауларында да жүйелі түрде баяндалып отырады. Мысалы, XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының көркін қыздырған Дулат Бабатайұлы өз толғауларында Қасиетті Құрандағы дүние жаратылысы туралы аяттарды тәпсірлей келе:

Жеті дарияның біреуі

Көз жеткісіз нұр болар,

Дуа қонса аузыңа,

Айтқан сөзің бұл болар.

Құдай артық жаратқан

Әуелі «қан» пен «нүн» болар,-

деген болатын.

Ислам дінінің тарихы туралы кеңінен толғап, оралымды ой айтқан азулы ақынның бірі - Орынбай Бертағыұлы. Ақынның дін тарихын терең білгені Алланың адамзат баласына бұйырған парыздарын түсіндірген насихат өлеңдерінен көрініс тапқан. Орынбай өзінің «Адамның жаратылуы туралы» атты өлеңінде Құран аяттарына сүйене отырып жаратылыс құдіретіндегі нұрдың сипатын жыр жолдарымен былайша кестелейді:

Әуел бастан жаралмақ нұрдан керек

Нұр болып дүние жүзі тұрған екен

Неден сені жаратайын дегенінде,

Нұр ықтияр топырақты қылған екен. [34, 100 б.]

Ақын толғауында ғалам мен адам жаратылысының бастауы болып табылатын нұрға ерекше мән берілген. Орынбайдың бұл шығармасы жөнінде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық еңбекте «Толғау ақынның жетпіс жасында, яғни 1886 жылдары Қызылжарда шығарылған. Шамасы, сол кездегі қала мешітінің имамдары Уәли хазірет, Бәрі

ахундардың алдында жырланған сияқты. 176 жолдан тұратын өлеңде ақын ислам діні тарихынан сыр тартып, терең бойлайды. Толғаудан Орынбайдың дін тарихы жөніндегі білімінің жан жақты, кең екені аңғарылады. Толғау - XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті шығармаларының ішіндегі озық танымдық туындылардың бірегейі. Себебі, толғаудың тақырыбы жаңалығымен, сонылығымен ерекшеленсе, көркемдік жағынан жазба әдебиет нұсқаларына жақын, көркемдік сапасы жоғары. Орынбайдың ислам діні тараған шығыс елдерінің әдебиетімен терең таныстығы білінеді, әйтпесе толғауда терең иірімді ислам дінінің дүниесін жырлай алмас еді. ақын адам жанының жаратылуын философша талдай түсіндіріп, оған зор ақылмандық, тәрбиелік мағына үстейді» [2, 298-299 б.] деп жазылған.

Нұр – барлық тіршіліктің бастауы. Оны ешқандай аксиома - анықтамамен әспеттеп, әсірелеп жеткізу мүмкін емес. Нұр-шапағаттың адамзаттың асыл тәжі болған Алланың соңғы елшісі Мұхаммедке (ғ.с.) нығмет етілгені белгілі. Ислам тарихын танытудағы ортағасырлық ғажайып әдеби жәдігерліктердің бірі Рабғұзидің «Қисас-ул әнбиясында» баяндалатын мына оқиға да өзін пайғамбардың үмметі санайтын пенде үшін ғибрат болары сөзсіз: «Алла Тағала Мұхаммед салли аллаһу әләйһис уа саламның толыққан нұрын қолына алды. Ол нұрды бірнеше мың жыл қасына сақтап қойды. Бірнеше дарияларға шомылдырып, әр түрлі ғажайыптардан өткізді. Ол нұр күннен жүз есе үлкен еді. Ғарыш пен Күрсіні, Лаух пен Қаламды жарқыратып тұратын Алланың қазынасы еді. бүкіл әлемге жарық беретін осы нұрды бұл жерден шығаруды ойлады». [3, 14 б.] Пенде танымына сыймайтын Жаратушының нұр құдіреті осылайша Адам (ғ.с.) атадан Мұхаммед пайғамбарға (ғ.с.) жетті.

Барша бастауға негіз болған Нұрдың Мұхаммедде (ғ.с.) пайғамбарға ғана тиесілі ұлы нығмет етілген баянын Мәшһүр Жүсіп өлеңмен төмендегіше кестелеген болатын:

*Кім білер әуел ахыр хақтың сырын,
Нәрсе жоқ бір өзінен басқа бұрын.
Ғаламға өзін заһар қылмақ үшін,
Жаратты Мұхаммедтің әуел нұрын.*

*Тауыстың мысалында қылды нұрды,
Қандалға нұрдан болып орнатылды.
Алдында ұят айна: нұрдан болып,
Құдайға көріп өзін шүкір қылды.*

*Ұялып жсалғыздықтан аққан тері
Сол терден жаратылған иман нұры.
Бес жолы сәжде қылып, нұр галы тұр,
Бес намаз әуел парыз болған жері.*

*Сонда нұрдың терінен жаоратты хақ:
Ғаршы, күрсі баршасын: тамұқ, ұрмақ,
Сәулесінен сол нұрдың жаратыпты:
Рухы, әнбилер барша мұтлақ.*

Адамзат баласы Нұрдың шапағатына Алламен тұтастықта ғана малынады. Ол – жүректің нұры. Себебі, адамды жаратқан Алла оның барлық қасиетін жүрекке ғана ұйытқан. Жүректің нұрлануы немесе кірлеуі де адамның амал-әрекетіне байланысты. Амал-парыздарды орындау еркінің қалауын да Алла адамның өзінде қалдырған. Бірақ Алла адамның амал-әрекетіне мұқтаж болған емес.

Пенде бақыты өзінің Жаратушысымен бірлікте ғана баянды, қайырлы болады. Оған жүрек көзі ашылған пенденің қадам басары да ақиқат. Шын болмысты шарифаттан іздеген Шәкәрім қажының Алла Нұрын:

*Менің жарым қыз емес,
Хақиқаттың шын нұры.
Оны сезер сіз емес,
Көзге таса бұл сыры.*

*Жасырып тұр Жар өзін,
Бас көзімен қарама.
Жүрегіңнің аш көзін
Жанның сырын арала,-*

деп сипаттауы да жоғарыдағы пікірімізбен сабақтасып, ойымызды түйіндейтіні анық.

Қазақтың шерлі жылдарының шежіресін тарқатқан Шернияз ақын да «Сөйлейін сөзді термелеп» деп аталатын толғауында өз тыңдарманын дүниенің ғажап сырларынан ғибрат алуға шақырған болатын. Ақын:

*Ай, жігіттер, жігіттер,
Жердің жүзін қарасаң,
Мұниа неге кең болған?
Жеті мүше денеміз.
Бір-біріне тең болған
Төрт аяқты айуандар*

*Неге адамнан кем болған?
Жарық үшін күн болған,
Тыным үшін түн болған.
Тамашалап қарасаң,
Ай мен жұлдыз, күндіз, түн,
Орман, тоғай, от пен су,
Таң-тамаша кім қылған?
Құрт-құмырсқа, ұшқан құс
Бұ да басқа түр болған,-*

деп жер басқан жұмыр басты адам баласын ойландыруы тиіс тұжырым жасайды. Жыр шумақтарының соңына сауал сала отырып, оқырманына дүниенің ғажап жартылысының барлығы бір Алла құдіретімен болғанын танытуды мақсат еткен Шернияз шайырдың да қасиетті Кітаптың Қасас сүресінің 71-73 аяттарында баяндалған: *«Мұхаммед (ғ.с.) оларға: «Көрдiңдер ме, егер Алла (Т.) сендерге қиямет күніне дейін ұдайы қараңғы қылса, Алладан басқа сендерге жарық келтіретін тәңір кім? Естімейсiңдер ме?»,- де. «Көрдiңдер ме, егер Алла (Т.) сендерге қиямет күніне дейін ұдайы күндіз қылса, Алладан басқа сендерге тынығатын түн келтіретін тәңір кім, көз салмайсыңдар ма?»,- де. Алла, сендерге өз мархаметінен түнді тынығу, күндізді кеңшілігін (ризик) іздеулерің үшін жаратты. Әрине, шүкірлік етерсiңдер»* деген жолдарды тәпсірлегені анық. Ақын тіршіліктегі тыныс алар әр сәттің салауатын Аллаға ғана бағыштай отырып, әр нығыметке шүкіршілік жасауға шақырады. Қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырына арналған іргелі еңбекте шайырдың осы толғауы хақында *«Шернияздың бұл сөздерінің өз кезінде мәні зор. Қазақтың оған дейінгі ауыз әдебиеті мен тарихи әдебиет нұсқаларын алсақ, табиғаттың әр алуан құбылыстарына бақылай келіп, оларды тану үшін жоғарғы айтылғандар тәрізді, тұжырымды сұрақтар қойған шығарма не жоқ, не жоқтың қасы. Оқу-өнерден кенже қалған халыққа осындай сұрақты қоюдың өзі кезінде үлкен нәрсе болған»* деп тұжырым жасалады. [2, 204 б.] Расында, ақын баяндағандай *«Мына дүниенің әшекейлі сұлулықтары тек рахатқа бату, көңіл көтеру үшін емес. Өйткені, бір сәт ләззат берсе, айырылысу салдарынан ұзақ уақыт уайымға батырады. Саған дәм таттырады, тәбетінді де ашады, бірақ тойындырмайды. Себебі, не оның ғұмыры қысқа, не сенің өмірің шолақ, тойынуға уақыт жетпейді. Демек, тым қымбат, бірақ мерзімі қысқа мына безендірулер ғибрат үшін, шүкір ету үшін, бақи негіздеріне құлшындыру, ынталандыру үшін. Басқа да осы секілді ұлы мақсаттар үшін»* [4, 74 б.] екені ақиқат.

Алладан түскен сүрелердің сырын Сыр сүлейлері де жыр сүйер жамағатқа жүректі тебірентер әуезді мақамдарымен жеткізіп отырды. Шайырлар дін тарихын, аят-сүрелердің айтар ойын терең таныммен таразылады. Бұның ең басты себебі Сыр бойындағы жыраулық дәстүрді жалғастырушы ақын-жыраулардың ислам ілімін терең меңгеруімен және осы өңірде шарифат заңдарының көбірек насихатталуымен байланысты деп айта аламыз. Жыр әлемінде терең философиялық дүниетанымымен ерекшеленіп, XX ғасырдың басында Сыр бойында өзіндік жыр мектебін қалыптастырған Нұртуған Кенжеғұлұлының кесек ойларына да Қасиетті Құран Кәрімнің жаратылыс туралы аяттары арқау болғанын аңғару қиын емес. Раббымыздың құдіретімен болған жаратылыс сырын шайыр:

*Аспан, жер, адам, айуан, түрлі шөбің
Көк, теңіз, таудан бұлақ, дария аққан.
Бітіріп алты күнде құдіретімен,
Қалдырмай тамамдаған бір сағаттан.
Аспан, жер – жаралғанның есебі жоқ,
Бейәлшеу арғы жағыз Әлімсақтан,-*

деп өрнектейді. Шайыр жоғарыдағы жыр жолдарында ғалам жаратылысының алты күнде тәмам болғанын баяндаған. Бұл туралы Құран сүрелерінде нақтылы аяттар бар. Мысалы: «*Расында көктер мен жерді және екі арасындағы нәрселерді алты күнде жараттық, шаршамадық (Қаф сүресі, 38 аят); «Күдіксіз Раббыларың сондай Алла, көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Сонан кейін ғаршыны меңгерген. Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді және күн мен айды, жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Сақ болыңдар! Жарату мен бұйрық беру Оған тән. Өте жоғары Алла, бүкіл әлемнің Раббы.*(Ағраф сүресі, 54 аят);

Жаратылыстың тылсым құдіреті, оның құпия-сыры тек Жаратушының Өзіне ғана аян екені хақ. Адам өресі оны толықтай тануға дәрменсіз. Жер бетінен өткен талай ғұлама ғалымдардың өздері де көзге көрінер - көрінбес тіршіліктің сырын толық таныта алған жоқ. Ол мүмкін де емес еді. Сондықтан да Адамның Алла алдындағы ұлы миссиясы - жаратылысты жаратқан Иесін адаспай тануға талпыну болып қала бермек. Он сегіз мың ғаламның ғажайып жаратылысын жырға қосып тыңдаушысының ыстық ықыласына бөленген Өмір Қараұлы өзінің тәлім берер термесінде:

*Әуелі Алла жаратқан
Жеті қабат жер мен көк.*

*Арасында еш зат жоқ,
Он сегіз мың ғаламды
Бір жаратқан – Құдайым
Осылайша жаратқан.
Құдіретпен есептеп,
Кейбір надан пенделер
Күнә арқалап сөйлейді:
«Аллада жоқ-ты есеп» -*

деген жолдармен өрнектейді. Өмір ақынның «күнә арқалап сөйлейді» деп қынжылуы бекер емес. Шын мәнінде, Алланың жаратылысына күмән етушілер дінсіздер, яғни имансыздар санатынан екендігі Құранда да әрдайым ескертіліп отырады. Алланың себепсіз ешнәрсені жаратпағанына шүбә келтіруші надандарға ақын осылайша өкінішін білдірген.

Алла он сегіз мың ғаламды мүлтіксіз, Өзінің іңкәр сезімімен жаратты. Раббымыздың бір де бір нәрсені артық не кем жаратпағаны да анық. Оның қалауынсыз бұтақтан бір жапырақ та себепсіз үзіліп жерге түспейді. Жаратылыстағы кез келген нәрсе бір - біріне себеп. Бірақ сол себептердің жүзеге асуы Алланың ғана қалауына байланысты. Оның заңында еш өзгеріс болмайды. Құран сүрелерінде бұл туралы: *«Алланың жолынан әсте бір өзгеріс таба алмайсың да Алланың жолынан бір бұрылыс көре алмайсың.»*(Фатырсүресі, 43 аят); *«Біздің жолымызда ешбір өзгеріс таппайсың.»*(Ісрасүресі, 77 аят); *«Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Кімді қаласа жарылқайды да, кімді қаласа қинайды.»*(Фатхсүресі, 14 аят); *«Алланың бұрыннан келе жатқан жолы осы. Алланың жолында ешбір өзгеріс таба алмайсың.»*(Фатх сүресі, 23) деп баян етіледі.

Қасиетті Кітапта күллі ғалам адам баласының жаратылысымен тұтастықта қарастырылады. *Сәждесүресінің* аяттарында: *«Ол сондай Алла, әр нәрсенің жаратылысын көркемдестіреді. Адам баласын жаратуды балшықтан бастайды»*(7); *«Сосын оның нәсілін бір жайсыз судың негізінен жаратты»*(8); *«Сосын оны бейнелеп, ішіне өз рұхын үрледі. Сондай-ақ сендерге есту, көру және түсіну қабілетін берді. Аз шүкір етесіңдер».*(9) делінген.

Адам тәнінің негізі - топырақ. Дүниедегі бар нәрсенің межелі мерзімі жеткенде аяқталуы жаратылыс ғибраты. Олай болса, топырақтан жаралған адамның тәні дүниеден озғаннан кейін құтты мекені - топыраққа қайтуы да ұлы заңдылық. Яғни, «Адамның рухани

кемелденуі «топырақ» халінен басталып, Тәңірге қарай жол тартады. Иасауидің хикметтерінде «топырақ бол» деп адамға жиі ескертілуінің сыры осында болса керек». [5, 41 б.]

Құдіретті Алла Тағала адам баласын жаратып, жерге иелік етуге бұйырды. Жер жаһанда жаратылған барлық нәрсені Адамға бағынышты етіп, оны өзге тіршілік иелеріне бұйырмаған ерекше құрметке бөледі. *«Расында Адам баласын ардақтадық... Әм оларды жаратқандарымыздың көбінен неқұрлым артық жараттық» (Ісрасүресі, 70 аят)* дейді Жаратушының өзі. Сондықтан да Адам баласының тіршіліктегі ең абыройлы міндеті өзін Жаратқан Иесіне құлшылық ету, бағыну.

Сыр шайырларының ішінде дін тарихына терең үніліп, адам баласының ізгі амалдарын исламнан іздеген шайырлардың бірі – Қарасақал Ерімбет. Жастайынан білімге құштар болған шайырға жоқшылық қолбайлау болып, медреседе үш жылдай ғана оқуға мүмкіндік туады. Бірақ зерек бала осы аз ғана уақытта ислам дінінің негізін қалаған пайғамбарлар мен сахабалардың өмірін, олардың имандылыққа бастаған ізгі амалдарын оқып үйренеді. Төменде беріліп отырған Қарасақал Ерімбеттің болмыстың ғажап құпиясын түсіндірудегі *«Халық болды барша адам осы төрттен»* атты толғауындағы жыр жолдары да жоғарыдағы аяттардың тәпсірі болары анық:

*Әр мақұлықтың суреті, нарқы басқа,
Асылымыз бір болса да хатира судан.
«Алты мың хайуанат» деп айтылған соң,
Атандық бір парасы «күллі инсан».
Адам деп ат қойылды барша инсанға,
Тағзы бір есімі мирас туса анадан.
«Адамның негізі төртеу:- деп сөйлейді,-
Жел, топырақ және,- дейді,- от пен судан».
Халық болды барша адам осы төрттен,
Бөлінді төрт есімімен мақұлық аттан.
Жаралды Кеп пен Нұннан мұнша ғалам,
Байлаусыз, я тіреусіз Жер мен Аспан.
Бұл дүния алты күнде боды тәмам,
Жаһанға шамен камар етті раушан.*

Алланың әміріне, оның Адамзат баласын жаратуына Ібіліс қана қарсылық танытты. Ағраф сүресінде бұл оқиға былайша суреттеледі: *«(Алла Ібіліске): Саған әмір еткенде сені сәжде етуден не тыйды?» деді. Ол: «Мен одан артықпын. Мені оттан жаратып,*

оны балшықтан жараттың» деді.(12); (Алла): «Онда ол жерден түс. Онда сенің менменсуіңе болмайды. Дереу шық, қор болушылардансың» деді.(13); (Ібіліс): «Қайта тірілетін күнге дейін мұрса бер» деді.(14); (Алла): «Шынында мұрса берілгендерденсің» деді.(15); (Ібіліс):«Ендеше, мені қаңғыртқаның себепті әлбетте мен де оларға қарсы Сенің тура жолыңда отырып аламын» деді.(16); «Сонан соң оларға алды-артынан, оң-солынан келемін де олардың көбін шүкір етушілерден таппайсың» деді.(17); Дегенмен, Жаратушының сүйген құлы болуға ниет еткен амалдарына ібіліс кедергі келтіруге тырысып баққанымен, оның да айласы шектеулі. Оған алыстау да, жақындау да Алланың Адамға берген қалау еркі. Бір заңдылық айқын: Алладан алыстаған пенденің досы - Ібіліс. Біз бұл жерде «алыстау» ұғымын бөле айтып отырмыз. Себебі, шын адасқан пенде Алладан алыстадым деп ойлай бермейді. Алыстағанын сезіну - Жаратушыға жан дүниесімен берілген пенденің түйсігі. Оның фәни дүниедегі тілек - амалы Жаратушы Иеден адасып қалмау үшін бағытталады. Пенде санасынан «алыстау» мен «жақындау» ұғымы өшкен күні ол сайтанның сарбазына айналады.

Ібіліс - өзінің тәкәппарлығымен Алла мейірімінен күдерінен үзген тұңғыш жаратылыс. Қазақ халқының «Үмітсіз – шайтан ғана» деген сөзі осыны меңзейді. Өзі де көп жаратылыстың бірі екенін ұмытып менменсіген ібіліс адамзат нәсілінің жаратылысына қарсылық танытқан болатын. Ол сол үшін де өзін мәңгілік тозақтық қылған жаратылыс - адам баласын қиямет күніне дейін тура жолдан адастыруды мақсат етті. Ібілістің Алла әміріне тәкәппарлықпен мойынсұнбауын Қарасақал Ерімбет шайыр :

Әзәзіл ол уақытта галым еді,

Суретін от пен судан салып еді.

Сафиді топырақтан жаратқанда

«Адамнан абзал мен деп!» – деп шанып еді.

«Дәріс айтқан Жер мен Көкке ұстазбын!» деген

Сөзіне періштелер нанып еді.

«Адамнан артықпын!» деп сәжде қылмай,

Пәлеге өз қимылынан қалып еді, -

деп баян етеді.

Раббымыз адамзат баласын жаратпақ болғанда періштелердің алаңдаушылық білдіргені Құран аяттарында баяндалған. Күнәдан пәк жаратылыс иелерінің жаңа жаратылысқа қарсылық таныпуы әлбетте тәкәппарлықтан туған талас емес еді. Олар Адам жаратылысын өздеріне берілген шектеулі таныммен ғана таразылаған болатын.

Ғалам Иесінің алдында райларынан қайтып, Оның құдіретіне бас иген періштеліер қауымы туралы Бақарасүресінде: «(Мұхаммед Ғ.С.) сол уақытта Раббың періштелерге: «Әрине, мен жерде бір орынбасар жаратамын!» – деген еді. (Періштелер): «Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктаудамыз» деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!» – деді. (Алла Адамды топырақтан жаратып, оған жан салды). (30 аят); «Алла Адам(Ғ.С.)ға біртұтас атауларды үйретті де сонан соң оларды періштелерге көрсетіп: «Айтқандарың рас болса, Маған осы нәрселердің аттарын айтып беріңдер» деді. (31 аят); «Періштелер: «Сен пәксің! Біздің, Сенің үйреткеніңнен басқа білеріміз жоқ. Әрине, Сен толық білуші, өте данасың» деді. (32 аят)» делінген.

Жаратылыс заңының тылсым құдіретін толғаған Базар жырау да періштелердің Алла әміріне мойынсұнып, Адам Атаға сәжде қылғанын:

*Атамыз Адам пайғамбар
Он сегіз мың әлемнің-
Абзалы болып жаралған.
Ұлықтығы мұншама-
Құдайым әмір еткен соң,
Періште күллі қамалған,-*

деп баяндаған болатын. Адам осылайша Алла Тағаланың қалауымен басқа жаратылыстардың ешқайсысына бұйырмаған ұлы нығметке ие болды. Бұл нығметтер Алланың құдіреттілігінің, бірлігінің, шексіздігінің дәлелі ғана емес, Өзіне иман келтіріп, құрметтейтін адамзат баласын кемелдікке жетелеуі.

Құдіретті күшті Алла Адам Ата – Сапиолланы жалғызсыратпау мақсатында оның ұйқылы - ояу жатқан сәтін пайдаланып, сол жақ қабырғасынан Хауа Ананы жаратқаны белгілі. Бұл жөнінде Ағрафсүресінің 189 аятында: «Ол сондай Алла, сендерді бір-ақ кісіден (Адамнан) жаратқан және оған тиянақ үшін жұбайын(Хауаны) жаратқан...» делінген. Осы оқиғаға өрнекті өлең құрған Шернияз ақын:

*Бір онсыз гашықтық жоқ ер басында,
Керекті және қостым жолдасына,
Хауаны Адамменен жолдас қылып,
Кім қылды лайықтап ол басында,-*

деп адам баласының өмірі ерлі – зайыпты болып көркейеріне

тоқталып, Алла құдіретімен болған істі жыр жолдарымен нақтылай түседі.

Арда қазаққа мағыналы сөздің мәйегін ағытқан Ыбырай ахун да жұбайлық өмірдің бастауы болған жаратылыстың сырын:

*Ғаламды Алла жоқтан бар етіпті.
Адамды топырақтан сан етіпті.
Жан беріп кірпіш тәнге тірелгесін
Акзына зікір-таспих жасад етіпті.
Жаратып сүбесінен Хауа Ананы,
Лайқатты бір-біріне жар етіпті,-*

деп түсіндіреді.

Рухани құндылықтарды көтерудің ең негізгі алғышарты - Аллаға мойынсұну, Оның әмірімен болған жаратылыстың сырына үңілу екенін терең түсінген Шортанбай Қанайұлының заман райына алаңдаушылық білдіріп айтқан :

*Атамыз – Адам пайғамбар,
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір халық боп,
Сол Адамнан таралды.
Бір біріңе беріскен,
Дәм мен тұзың халалды.
Ұрлық пенен қорлықтан,
Өтірік, гайбат, зорлықтан
Бойыңды тартып тек жүрсен,
Көрмессің деген залалды.
Белгісі деген бейіштің
Жазғы салқын самалды.
Тәркі деген тамұқтың
Қысқы суық амалды, -*

деген өлең жолдары да жоғарыдағы аяттардың тәпсірі болатын. Өлең-толғауларында шарифат шарттарын кеңінен насихаттаған ақынның шығармаларына Адам Ата мен Хауа Ананың мәңгілік жұмақтан қуылып, қиындық көрген оқиғасы да өзек болған. Ақын «бойыңды тартып тек жүрсен, көрмессің деген залалды» деген пайымдауымен Адам Ата мен Хауа Ананың ібілістің азғырғанына еріп Алланың қаһарына ұшырағанын меңзейді. Бұл оқиға жөнінде Таһа сүресінің аяттарында: «Сонда Адамға: «Күдіксіз осы, саған да, жұбайыңа да дұшпан. Екеуіңді жанаттан шығарып жібермесін. Сонда машақат тартасыңдар» дедік ». (117); «Ақыр шайтан оған азғыру жүргізіп: «Әй, Адам! Саған мәңгілік ағашын және

таусылмайтын салтанатты көрсетейін бе?» - деді. (120); «Сонда екеуі одан жеді. Дереу ұятты жерлері көрінді. Сондықтан екеуі де жаннаттың жапырақтарын жаба бастады. Адам (Ғ.С.) Раббына күнәкәр болып, жолдан тайды».(121)деп баян етіледі.

Құран аяттарында берілгендей, Алла Тағаланың бұйрығын орындай алмаған Адам Ата мен Хауа Ана жұмақтан қуылып, көптеген сынаққа ұшырады. Адам баласының түрлі қиындықтарға ұшырауы да осы кезеңнен басталған. Сол секілді Адам Ата мен Хауа Ана тұрған пейіштің «*жазғы салқын самалындай*» болып суреттелуі осы сүренің **119 аятындағы**«*Сондай-ақ шөлдемейсің де күннің ыстығы өтпейді*» деген жолдарды еске түсіреді.

Шортанбай ақын діни тақырыптағы өлеңдері арқылы адамзат баласының Алла аманатына адал, пендешіліктен ада болуын арман етеді. Иманы кәміл пендені ғана заманның зауалы мойыпта алмасын алға тартады. «Шортанбай азып тозған заман жайын сөз еткенде де, өзінен бұрынғы діндар ақындардың ой пікірлерін басшылыққа алып отырды. Ол өз жырларында «сопыаллаяр» кітабын жиі атап, соған жүгіне сөйлесе де, көптеген толғауларында Қожа Ахмет Иассаудің бағыт бағдарынан әсте бір ауытқымайды. Бұл дүние мен ол дүниенің мән жайын әңгіме еткенде де, сол төңіректен табылатынын көреміз. Ақын жырларының асыл табиғаты өзіне ұстаз тұтқан Қожа Ахмет Иасауиден аулақ кетпейді, көбіне көп солармен үндес, мазмұндас». [2, 204 б.] Жалпы, «зар заман» деп айдар таққан кезеңде қазақтың қамкөңіл көңіліне медеу болар тіректің Жаратушы Алладан ғана боларын ақын терең сезінді. Ата дәстүрдің тамырына балта жүзі тие бастаған шақта ақын арда қазақты адастырмас жалғыз жол тек шариғатпен ғана келерін айқындай түсті.

Бұл аят Қарасақал Ерімбеттің «Жақсылар, бұл қиссадан ғибрат ал!» деп аталатын толғауында былайша өрнектелген:

Айтыпты: «Өміріңде,- хазірет Адам,-

Әйелдің , сірә, тілін алма!-депті.

Хауаның бір мәртебе тілін алдым,

Аузыма көңілін қымай бидай салдым.

Жанаттың нығметінен бейнәсіп боп,

Мұншама зәбір көріп, жерде қалдым!

Жаратылыс - Алланың адам игілігі үшін тартқан ғажайып сыйы болса, сол игіліктің қайтарымы адам баласының иманы, Алланы нұрлы жүрекпен тануы болмақ. Өзіне арналған нығметтің қадірін біліп, шын жүрегімен Жаратушы жүктеген парыздарды өтеу, таза ниет - барлық игілік пен ізгіліктің бастауы. Дінтанушы ғалым

Бәдиүззаман Саид Нұрси «Адам және иман» атты еңбегінде: «Жаратылыстың басты мақсаты және болмыс атаулыдан ұлы нәтиже «Иманы Биллаһ», яғни Аллаһқа иман екені күмәнсіз. Адамгершіліктің ең жоғарғы мәртебесі, соңғы сатысы «иманы Биллаһ» ішіндегі «Мухабетуллаһ», яғни Аллаһқа деген махаббат. Иә, адам рухының шынайы шаттығы мен қуанышы, сол Мухабетуллаһ беретін рухани ләззат болып табылады. Рас, нағыз бақыт, шынайы шаттық, тәтті нығмет, рухани ләззат, сөзсіз мағрифетуллаһта және мухабетуллаһта, олар онсыз бола алмайды. Жанаб ы Хақты таныған әрі махаббат қылған адам іс жүзінде я болмаса мүмкіндігінше мол бақытқа, нығметке, сырға, нұрға бөленеді. Оны нақты танымаған, сүймеген адамның жаны мен тәні шексіз үрей мен қайғыға душар болады» деген пікір айтады. [5, 61 б.] Шын мәнінде «Әрбір болмыстың өз мақсаты бар. Ал жаратылғандардың ең ұлысы – адамның мақсаты – "Алланың халифасы", орынбасары болу» [6,131-132 б.](131-132 бб. Жалалуддин Дауани "Ахлақи Жалалийя". этика кітабы). Бұл дәрежеге рухани кемелденген пенде ғана лайық. Орта ғасырдағы «кемел адам», ақын-жыраулар поэзиясында «жақсы адам», ал кейін қазақ поэзиясында Абай айқындай түскен «толық адам» түсінігінің темірқазығы да – халифалық.

Дүние жаратылысы - адам баласы үшін абсолютті пәктік, биіктік. Адамзат баласы Оны көз аясы арқылы тани алмасы ақиқат. Адам адам болып жаратылғандығы үшін ғана халифалық деңгейге көтеріле алмайды. Жаратылыс мәні тек жүрек көзі ашылғанда ғана мағыналы және оны Алланың халифасы дәрежесіне лайық болуға жалған дүниеде еткен амал - әрекетінің ғана жетелейтіні хақ. Осы себепті сынақ өмірде Алла біреуді дәулетті қылса, енді біреуге жоқшылық зардабын тарттырып, келесі бір пендесіне керемет денсаулық берсе, тағы біріне аурудың азабын тартқызып көреді. Бұл әр пенденің маңдайына жазылған жазмыш-тағдыр. Адамзат баласы Жаратушы Иенің берген керемет нығметтеріне де, қиындықтарына да шүкірлік етіп, жүрегіндегі иман нұрын сөндірмесе ғана халифалық касиетке бір табан жақындайды.

Адам өзге жаратылыс иелерінен сұлбасымен ғана емес, санасымен ерекшеленеді. Себебі, сана - Алланың адамға ғана берген ұлы нығметі. Адам пәни жалғандағы амал-әрекеттерін сана арқылы ғана жүзеге асырады. Ол сынақ өмірде (тірі кезде ғана) адамзат баласының тура жолдан адаспауының алғышарты. Пенденің жүрек көзін ашып, иманды болуы да алдымен саналы әрекеттері арқылы жүзеге асады. Қазақ халқының адамды «көкірек көзі ояу, саналы

азамат» немесе «санасызға сан айтсаң да ұқпайды» деп бөле жара көрсетуі де осы негізде болса керек. Яғни, жүрекке иманды ұйығу немесе Жаратқан Иесінен адасу да адамның санасына байланысты. Санасыздық - Алланың адамға берген нығметін ада қылады. Адам санасыз тірлігі арқылы хайуаннан да төмен дәрежеге түсіп кете алады. Бұлай дейтініміз: хайуанның қалпы тұрақты. Олар о баста жаратылған қалпынан бір мысқал жоғары көтерілген немесе түскен емес.

Тіршілік пайда болғалы бері жүрегіне иман ұйыған адамзат баласы өзінің Иесін іздеумен келеді. Өзін адаспай табу үшін Алла адамға ақыл-ой сыйлады. Дүние тарихы адасқан тайпалар мен елдердің құрдымға кетіп, керісінше бір Жаратушыға мойынсұнған халықтың кемелденіп, көркейгенінен талай мысалдарды алға тартады. Демек, «Адамның жаратылысында мақсат бар. Тіпті, оның әрбір ағзасының, күш-қуаттарының да мақсаты бар. Алланың адам ағзасы мен қуаттары үшін қойған бұл мақсаттардың түпкілікті нәтижесі, яғни мақсаттардың мақсаты «шынайы кемелдікке» жеткізу. Бұл кемелдік – Алланың халифасы (сирр – ул – хилафат - илахийа). Адамның бар болуының (ижар) мақсаты жер бетінде Алланың халифасы болу және оған құлшылық ету (убудийат). Құлшылықта кемелдікке жету – адамның қуаттарын, қолынан келгенше Алланың сипаттарына ұқсауға тырысу үшін қолдану арқылы мүмкін болады. Осылай болғанда, шын мәнінде "құл" және "Алланың халифасы" болады. Алланың сипаттарымен байланыс құрылса, одан кемелдікке жетеді, халифа болады. Алланың ахлақымен (мінезі-сипаты) сипатталу – халифа, кемел адам болу деген сөз. Мақсаттардың мақсаты – халифалық міндеті адамға берілді. Бұл міндетті орындау үшін адам жеткілікті күш пен қабілетке ие болып ажыратылған». [7,133 б.]Қысқасы, пенде өзіне ғажайып сый ретінде тарту етілген өмірде Иесін тануға талпынса ғана Адам тұлғасына көтеріле алады.

Оқырманын жаратылыстың тылсым сырынан ғибрат алуға шақырған ақынның бірі - Шәкәрім қажы. Ғұлама өз өлеңдерінің көпшілігінде ғалам мен адамды тұтастықта қарастырып, өмірдің мәні неде деген сауалға жауап іздейді. Ақын адам ақиқатты іздеу арқылы ғана өзінің бастапқы болмысын сақтай алады деген тұжырым жасайды. Алланың шексіз құдіретіне жүрегін нұрландырған ақын:

*Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық,
Сегіз минут, шерікте жерге барып.
Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,
Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.*

*Бұл дүние жылуы жоқ нұрсыз болса,
Әлемнен кім жүре алар пайдаланып?
Дүние атаулы теп-тегіс мөлдір болса,
Көлеңке орнығады қайда барып?
Барша әлем тапжылмай тұрып қалса,
Бола ма уақыт деген өлшеу салып?
Мақсат, тәртіп керексіз тозаңы жоқ,
Тексермей неге отырмыз мұны ойланып?-*

деп өз оқырманын жаратылған жанды - жансыз заттың әрқайсысынан тәлім алуға шақырса, Жаратушы Иенің жаратылысындағы мінсіздікке:

*Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?
Мұны бүйтіп жаратқан қандай нәрсе?
Білімсіз мақсұтсыздан шыққан болса,
Мақсұт, білім, ой шықты мұнан неге?
Керексіз жаралған бір тозаңы жоқ,
Тәртіпті, таң қаларлық зор мәшине.
Алыстан іздемей-ақ, ойласаңыз,
Көру үшін жаралған көзіңіз де.
Себебі, толымдының ісі толық
Ең түпкі жаратушы – мінсіз ие.
Күш, білім, шеберлікті іс білгізер,
Есті, мінсіз – шебердің ісі емес пе?-*

деп тағы бір тамсандырады.

Адамның Жаратушысына деген кіршіксіз махаббаты ғана жаратылысты жандандырады. Себебі, Алланың Өзі де адамды ерекше махаббатпен жаратты. Жаратқанның жаратылысын шын жүректен сүйе білмеген пенденің Иесіне деген тағзымы да таяз болары хақ. Әлбетте, біз бұл ретте «махаббат» пен «ғашықтық» сезімдерін бөлек категориялар ретінде қарастырып отырмыз. Адамның адамды Алла үшін сүюінің өзі хикмет. Ол бұл ретте «құмарлықтан» көтеріліп, жан сарайын Жаратқанның пендесіне сыйлаған сезім нығметімен нұрландырады. Ал, құмарлық басқа да тіршілік иелеріне тән. Олардың тіршіліктегі миссиясы – көбею, ұрпақ жалғастыру, тамағын табу ғана. Бұл ретте қазақ әдебиетінің алтын діндегі хакім Абайдың «ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол» деп айқындап берген қағидасы еске түседі. Ғұлама Ұлы Иеміздің жаратылысының қайтарымы тек Оған деген ұлы махаббатпен ғана өлшенетінін алға тартады. Абай пайымдауында дүние адамдар үшін тек өмір сүріп кететін мекен емес. Адам үшін аз күнгі тіршіліктің

5. Ислам философиясы. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 4 том. Аударма, 2005.- 534б.

6. Бәдиүззаман Саид Нұрси. Адам және иман. Алматы: Фейз, 2003. - 88 б.

7 Ислам философиясы. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 4 том. Аударма, 2005.- 534б.

Е.АДАЕВА филол.ғыл.кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының доценті

Б.СОҚПАҚБАЕВ ПОВЕСТЕРІНІҢ ОРЫС ТІЛІНДЕ ҚАБЫЛДАНУЫ МЕН БАҒАЛАНУЫ

Б.Соқпақбаев – ұлттық әдебиетімізге соғыстан кейінгі жылдары келіп қосылған, өзіндік келбеті мен дара болмысы бар талантты жазушыларымыздың бірі. Бұл уақыт қазақ прозасының ерекше жемісті, өнімді тұстарының бірі болғандығы көп айтылып жүр. Нақ осы кезеңде қазақ көркемсөзінің биігіне көтерілген Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, С.Шаймерденов, Б.Соқпақбаев, З.Қабдолов, Н.Ғабдуллин т.б. бір топ қарымды қаламгерлер ұлттық прозаға жаңа тақырыптар мен идеялар, мінездер ғана алып келген жоқ, сонымен қатар оның поэтикалық өрісін кеңейтті.

Б.Соқпақбаевтың "Бақыт жолы" /1953/ деп аталатын тұңғыш әңгімелер жинағы дәл осы кезеңде жарық көрді.

Жазушының әңгімелері туралы белгілі әдебиеттанушылар А.Нұрқатов, С.Қирабаев және тағы басқа да көрнекті ғалымдар құнды пікірлер айтады. Мәселен, А.Нұрқатов: "Бұрын балаларға арнап көптеген қызғылықты да татымды шығармалар жазған Б.Соқпақбаев көркем әңгіме тудыруға да өзінің ысылып қалғандығын, кемелдену жолында келе жатқанын танытады. Соңғы кезде ол тақырып кеңдігіне ұмтылып жүр. Оның "Бекен", "Ортақ қуаныш", "Нағашы" сияқты әңгімелері нәрлі идеясымен де, көркемдік құнарлығымен де назар аударады. Жас жазушы күйтыртқы, шытырман ситуациялар іздеп жатпайды, қарапайым оқиғалардан да көңіл аударарлық ой саларлық мағына бере біледі. Сонымен бірге мұнда жазушының өзіндік бір тың авторлық тұрғы ұстанғаны, басқалар жүріп өткен жолды тағы да қайта шиырлағысы келмегендігі сезіледі"(1,85), – деп жазды.

Әңгіме өмірдің жекелеген көріністерін жасайтын шағын жанр

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР
ЖӘНЕ ӘДЕБИ КОМПАРАТИВИСТИКА**

**РАВОБИТИ БАЙНИ ФАРҲАНҒИ ВА
КОМПАРАТИВИСТИКАИ АДАБИ**

**МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ
И ЛИТЕРАТУРНАЯ КОМПАРАТИВИСТИКА**

Примечания:

1. Холов Х. История и принципы перевода лирической поэзии А.С.Пушкина в таджикской литературе: Автореф. дис... кан. фил. наук – Д.2000 – стр.4.
2. Атаханов Д. Восточные мотивы в творчестве А.С.Пушкина: Автореф. дис... кан. фил. наук – Д.2000. – стр.4
3. Там же. Стр. 2,17.
4. Самадова З. Традиции таджикско-персидской назидательной литературы в учебниках Л.Толстого: Автореф. дис... кан. фил. наук – Д.2000 стр. 18.

**С. ДӘРІБАЕВ. филол.ғыл.кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
қазақ әдебиетінің тарихы және әдебиет теориясы
кафедрасының доценті**

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ДІН ТАҚЫРЫБЫ

Жаратылыстың тылсым сыры бір Аллаға ғана аян екені мәлім. Адам баласы оны өзіне берілген шектеулі түйсікпен ғана тани алады. Ғажайып тіршіліктің сан алуан сырлары адамзат игілігі үшін нәсіп етіліп, оған ақырет күніне дейін өзін және осы шексіз құдіретті адаспай тануға талпыну парыз етілген. Ал адамзат үшін адаспас тура жол Алла кітабы қасиетті Құранда және соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистерінде ғана көрсетілді.

Алғашқы меккелік **Фатихасүресінен** бастап-ақ Құран Кәрімнің негізгі баяндаулары адамзат баласына арналғаны белгілі. Ғалам жаратылысының заңыныңжайдан-жай емес, Алла қалауымен рухы үрленген Адам игілігі үшін болғаны Құран сүрелерінің көптеген аяттарында баяндалады. Мысалы:«Ол *«Бол» деген күні бола кетеді.*»(Әнғам сүресі, 73 аят); *«Сондай-ақ жерді төседік».*(Зәрият сүресі, 48 аят. *«Сендер үшін жер жүзінде түрлі түсті не жаратқан болса, шын үгіт алатын қауым үшін албетте үлгі бар.»*(Нахыл сүресі, 13 аят); *Ол сондай Алла, сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты. Әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әр түрлі өсімдіктен ризық шығарды. Сондықтан біле тұра Аллаға шерік қатпаңдар».*(Бақара сүресі, 22 аят); *«Ол сондай Алла, жеті аспанды қабат - қабат жаратқан.Рахманның жаратуында еш мүлтік көре алмайсың. Қайта көз сал. Ешбір ақау көре аласың ба?»* (Мүлік сүресі, 3 аят).

алтын қазынасы ақынның өзі айтқандай бес асыл іс: талап, еңбек, ақыл-ой, қанағат, рақым. Алайда бұлардың барлығына адам Аллаға деген іңкәр сезіммен ғана жете алады. Расында, Адам - Алланың ұлы махаббатпен жаратқан туындысы. Оның өзге жаратылыстардан ерекшелігі де осында. Бұл ретте ақынның:

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті,-*

деген пікірімен жүректі нұландырған абзал. Дана Абайды даралап тұратын тұңғық сыр да осында жатыр. Яғни, оның поэзиясының шынайылығы шарифаттан, парасаттылығы пайғамбардың сүннеттерінен салиқалы сыр ұқтырады. Орта ғасыр ғұламаларының ғибратты туындыларының негізгі өзегі болған Аллаға адамның жан тазалығы арқылы жақындауын Абай одан әрі дамыта, жандандыра түсті.

Абай философиясы Шәкәрім қажының шығармаларында одан әрі жанданып, тереңдей түсті. Хакім Абайдың жоғарыдағы жүректі оятар ойлы сөзі Шәкәрім танымында саналы жанға рухани азық болар өлеңдермен өріледі:

**Жан - қожа, тән дегенің жанның құлы,
Нәпсі неге білмеген бұрын мұны?
Ойлашы: жан тапты ма, тән тапты ма
Жоғарғы кереметті неше қилы?
Тән - терезе, қарайтын жан - несі,
Жаннан шығар ақыл мен ойдың шыны.**

Сөз түйіні жаратылыстың мақсатын жеткізуге тырысқан ақын-жыраулар жыр тыңдаған жамағатты шын мәнінде ислам дінінің тұнық қайнарымен сусындатты деген тұжырым жасатады. Олар бұл ретте нақты Құран аяттарына, Алланың соңғы елшісі Мұхаммед(ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистеріне және ислам ғұламаларының еңбектеріне сүйенді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4 томдық шығармалар жинағы. 1 том. Алматы: Дайк-пресс, 2004. – 236 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. ХІХ ғасырдың бірінші жартысы. (1800-1850). 10 томдық. 4 том. Алматы: 2005-438 б.
3. Рабғузи Н. Қиссас-ул әнбия. Сырдария кітапханасы. Астана: Фолиант, 2008.- 552 б.
4. Бәдиуззалап Саид Нұрси. Өлім және мәңгілік. Алматы: Фейз, 2004. – 74 б.

Содержание

Введение.....	5-9
1. Имомов М. С., Абдуллаев М. А. Баъзе мулоҳизаҳо роҷеъ ба моҳияти миллии тоҷикии осори ӯзбекии Садриддин Айни.	10-14
2. Жанғара Дәдебаев. Абайдың мәдениетаралық өрісі және құран.....	15-30
3. Нуралиев А. Н. Особенности перевода «Слова назидания» Абая на таджикский язык.....	31-39
4. Жаксылыков А. Ж. Поэтика и эстетика Абая.....	40-66
5. Спектор А. Л. Особенности жанра книги Э. Хемингуэя «Праздник, который всегда с тобой».....	66-73
6. Әнуар Тарақов. Фольклор және «Қыз Жібек» лироэпосының орыс тіліне аударылуы.....	73-89
7. Ашимханова С. Жанровая логика произведений Г. Мус- репова.....	90-108
8. Аминов А. С. Компаративистика и проблемы управления качеством перевода.....	108-117
9. Болатова Г. Фразеологизмы и идиоматические выраже- ния в системе психопозтики Абая и особенности их перевода на русский язык.....	118-147
10. Тусупова А. К. Абай и классическое наследие востока в английских источниках.....	147-160
11. Зайниддинов М. З. Аз таърихи равобити адабии халқҳои тоҷику тоғор.....	160-174
12. Қазыбек Г. Қ. Ғали ормановтың аудармашылық шеберлігі	174-191
13. Ләйла Мұсалы. Символберне және оның көркемдік- эстетикалық мәні	191-208
14. Рахмонов Б. Р. Особенности переложения В. А. Жуковского «Пери и Ангел».....	208-215
15. Өмірхан Әбдиманұлы. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы ұлт-азаттық идеяны жырлаудың жаңашыл үрдісі.	215-232
16. Муллоев Ш. Б. Восприятие Востока русскими поэтами и писателями.....	232-236
17. Дәрібаев С. Көркем әдебиеттегі дін тақырыбы.....	236-253